

**SATBAYEV UNIVERSITY**

**СӘТБАЕВ**  
УНИВЕРСИТЕТІ



**МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК  
ИНЖЕНЕРИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және  
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«25» мамыр 2020ж

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

Тақырыбы: «УПА-60/80 агрегаты мачтасының көтеру гидроцилиндрін жетілдіру»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Мақсотов Мақсат Қуанышұлы

Ғылыми жетекші

лектор: Балгаев Досжан Ергенович

Алматы 2020

Satbayev University

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«28» қаңтар 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Мақсотов Мақсат Қуанышұлы

Тақырыбы УПА-60/80 агрегаты мачтасының көтеру гидроцилиндрін жетілдіру

Университет басшысының "27" қаңтар 2020ж. № 762-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «25» мамыр 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ұңғыманы күрделі жөндеуге арналған УПА-60/80 агрегаты

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: Ұңғыманы күрделі жөндеуге арналған агрегаттарға шолу, УПА-60/80 агрегатына талдау жасау; гидравликалық жүйесіне түсініктеме беру

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді; патенттік ізденістер жүргізілді.

в) Экономикалық бөлімі: енгізілген жаңартудың экономикалық пайдалану тиімділіктерін салыстыру

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)

1. УПА-60/80 агрегатының жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Бөлшек сызбасы; 4. Техникалық ұсыныс; 5. Бөлшек сызбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 16 атау

## **АНДАТПА**

Жобада ұңғыманы күрделі жөндеу агрегаттарына шолу жасалынды және УПА-60/80 агрегатының жалпы сипаттамасы, оны монтаждау және пайдалану ерекшеліктері келтірілген. Прототип ретінде таңдалынып алынған агрегаттың гидравликалық жүйесі қарастырылған. Оның жұмыс принципі қарастырыла отырып, техникалық сипаттамаларына талдау жүргізілген.

Берілген дипломдық жобаның мақсаты – гидравликалық жүйені талдай отыра, мұнараны көтеретін гидроцилиндрді жетілдіру болып табылады.

Гидроцилиндрдің және гидрожүйенің қажетті беріктікке есептеулері жүргізілді. Берілген құрылымды пайдалану кезінде оның қауіпсіздігі мен экологиялығы есептелді және талданды. Берілген технологияны енгізуден экономикалық тиімділік анықталды.

## **АННОТАЦИЯ**

В проекте проведен обзор агрегатов капитального ремонта скважины и приведена общая характеристика агрегата УПА-60/80, особенности его монтажа и эксплуатации. Предусмотрена гидравлическая система выбранного агрегата в качестве прототипа. С рассмотрением его принципа работы, проведен анализ технических характеристик.

Целью данного дипломного проекта является совершенствование гидроцилиндра подъема вышки, анализируя гидравлическую систему.

Проведены расчеты гидроцилиндра и гидросистемы на необходимую прочность. При использовании данной конструкции были рассчитаны и проанализированы ее безопасность и экологичность. Выявлен экономический эффект от внедрения данной технологии.

## **ANNOTATION**

The project provides an overview of the well capital repair units and provides a General description of the UPA-60/80 unit, its installation and operation features. The hydraulic system of the selected unit is provided as a prototype. With consideration of its working principle, the analysis of technical characteristics is carried out.

The goal of this dilom project is to improve the hydraulic cylinder of the tower lift by analyzing the hydraulic system.

When using this design, its safety and environmental friendliness were calculated and analyzed. The economic effect of the introduction of this technology is revealed.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1	Техникалық бөлім	6
1.1	Ұңғыларды жерасты жөндеу технологиясы	6
1.2	Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстары	7
1.3	Ұңғыларды жерасты жөндеуге арналған агрегаттардың конструкциялары мен жұмысы	8
1.4	УПА-60/80 агрегатының гидравликалық жүйесі	11
2	Есептеу бөлімі	17
2.1	Гидроцилиндр қабырғасының қалыңдығын беріктікке есептеу	17
2.2	Құбырөткізгіштің қабырға қалыңдығын бекіктікке есептеу	17
2.3	Гидравликалық есептеулер	18
2.4	Гидроқозғалтқыштың жылдамдығын және күшін есептеу	25
2.5	Гидрожетектің қуаты мен пәк-і	26
3	Арнайы бөлім	28
3.1	Патенттік ізденістер	28
3.1.1	Патент № 2116210. Аутригер	28
3.1.2	Патент № 2124993. Аутригер	29
3.1.3	Патент № 2059566. Жүк көтергіш машинаның шығару тірегі	31
3.1.4	Патент № 2150424. Жүк көтергіш машинаның шығару тірегі	32
3.1.5	Патент № 2175947. Шығару аутригері	33
3.2	Гидроқұлыптар	34
3.3	Гирожүйені жетілдіру	36
4	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	37
5	Гидроцилиндрді модернизациялау жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі	38
	Қорытынды	40
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41

## КІРІСПЕ

Гидрожетек деп қысыммен жұмыс сұйықтығы арқылы механизмдерді немесе машиналарды қозғалысқа келтіруге арналған құрылғылардың жиынтығын түсінеді.

Гидрожетектер қазіргі заманғы қондырғыларда кеңінен қолданылады. Олар агрегаттардың кинематикасын айтарлықтай жақсартуға, олардың металл сыйымдылығын төмендетуге, дәлдігін, жұмыс сенімділігін, сондай-ақ автоматтандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Гидравликалық жетектер қозғалудың жақсы бірқалыпты жағдайында атқарушы қозғалтқыштардың жылдамдығын сатысыз реттеудің кең ауқымын қамтамасыз етеді.

Гидрожетектердің маңызды артықшылығы-динамикалық режимдерде жұмыс істеу мүмкіндігі. Жиі қосылғанда, тоқтағанда, қозғалыс реверсінде немесе жылдамдық өзгергенде, бұл ретте өтпелі процестердің сапасы тиісті бағытта бақылануы және өзгеруі мүмкін.

Гидрожетектердің негізгі артықшылықтарына, сондай-ақ пәк-тің жеткілікті жоғары мәнін, майдың үлкен серпімділік модулінің арқасында жоғары қаттылықты, аздаған қысылатын көлемдерді және гидроқозғалтқыштардың жұмыс камераларының герметикалығын, өздігінен майлануы мен ұзақ мерзімділігін жатқызуға болады [1].

Біздің еліміздегі қолданыстағы агрегаттардың гидрожетегін дамытудың негізгі бағыттары гидрожабдықтардың энергетикалық және пайдалану сипаттамаларын жақсартуда, оның тез әрекет етуін жоғарылатуда, қазіргі заманғы электрондық жүйелердің гидрожетек тораптарымен байланысын қамтамасыз ететін қашықтықтан басқаруды қолдану кеңейуде.

Ең үлкен қауіп-майдың жоғары шығынына және жұмыс орнының ластануына әкелетін сыртқы ағулар болып табылады.

Агрегат гидрожетектерінің сенімді жұмысы жұмыс сұйықтығын тиісті фильтрден өту кезінде ғана кепілдендірілуі мүмкін. Жұқа тазалау сүзгілерін қолдану қажеттілігі гидрожетектердің құнын арттырады және оларға техникалық қызмет көрсетуді қиындатады, алайда бұл кемшіліктер жабдық құнының едәуір өсуімен өтеледі.

Сондықтан да, гидрожүйенің негізгі жабдығы болып табылатын гидроцилиндрлер майдың ластануынан көп зақымданады. Жұмыс кезінде УПА-60/80 агрегатының жоғары жүктелуіне және аударылу жағдайында ауыр зардаптарға байланысты гидроқұлып май құбырында орнату есебінен гидравликалық жылжымалы тіректің жұмыс сенімділігін арттыруды ұсынамын.

## **1 Техникалық бөлім**

### **1.1 Ұңғыларды жерасты жөндеу технологиясы**

Кез-келген ұңғыларды (мұнай параметрлік, газ айдау және тағы сол сияқты) пайдаланған жағдайда оларды мезгіл-мезгілімен жөндеп тұру қажет. Ұңғы ішінде өнім көтергіш құбырларды (СКҚ), штангілерді, терең сораптар мен басқа сораптарды және өзге де құралдарды түсіріп-көтеру жұмыстарына байланысты әрекеттерді жерасты жөндеу деп атаймыз.

Ол өзінің түрі мен күрделілігіне қарай кезекті (күнделікті) және күрделі жөндеу болып бөлінеді.

Ағымды жерасты жөндеуге: терең сорапты ауыстыру, көтергіш құбыр мен штангілерді өзгертіп тұру немесе ұстап тұрған алқанның түріне қарап өзгерту, басқа да ұңғыға түскен жеңіл заттарды көтеру (үзілген штангілер және басқа тізбек ішінде қалған заттарды ұстау). Осы жұмыстардың барлығын мұнай және газ басқармаларында құрылған ұңғыны жерасты жөндеу бригадалары атқарады.

Жерасты жабдықтарында болған апаттарды (үзілген құбырларды ұстау мен сағаға шығару) жою үшін жасалынатын, зақымдалған пайдалану құбыр тізбектерін орнына келтіру, қабат суларын жабу (айыру), басқа пайдалану қабатына ауысу сияқты қиын жұмыстар – ұңғыны күрделі жөндеу категориясына жатады. Оларға тағы - ұңғы түбінің төңірегін өңдеу жұмыстары (қабатты сұйықпен жару, сұйық құм ағынымен тесу, қышқылмен өңдеу, дірілмен өңдеу және тағы сол сияқты) кіреді.

Ұңғыда жүргізілетін күнделікті жерасты және күрделі жөндеу жұмыстары кезінде, ұңғы түбінің төңірегін өңдеу операциялары кезінде оның ішіндегі құбырларды, штангілер мен басқа құралдарды көтеру және түсіру жұмыстарымен байланысты. Сондықтан ұңғы сағасына уақытша немесе тұрақты мұнаралар мен мачталарды қондыруды қажет етеді. Оған қоса көтеру механизмдерін орналастырылады. Мұнай және газ кәсіпшіліктерінде ұңғыны күнделікті жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданатын мұнара мен шығыр автокөлік үстінде орналасқан көтергіш агрегаттар кеңінен таралған.

Құбырларды, штангілерді және басқа құралдарды түсіріп-көтеру операцияларын жасау үшін мұнаралар мен мачта жабдықтары қолданылады. Қозғалатын агрегаттардың өзінің үстінде орнатылған мұнарасы мен мачтасы болады. Мұнара кәдімгі полиспаспен немесе ілмегі бар тәлді жүйемен жабдықталған. Оған арнайы аспап арқылы көтеретін жүк – штангілер ілінеді.

Құбыр тізбегін түсіріп-көтеру кезінде мұнараның құлауынан сақтандыру үшін арқанның қозғалмалы ұшы оның шығыр барабанына бекітілуінің алдында, көпшілік жағдайларда мұнараның немесе мачтаның негізіне бекітілген тартуға арналған ролик арқылы өткізіледі.

Сонымен, тәл блогы мен ілмекке оларға ілінген құбырлар арқанның бірнеше шектеріне асылып көтеріліп тұрады. Олардың саны 2-ден 8-ге дейін жетеді. Шектер неғұрлым көп болса, соғұрлым ілмекке, арқан бекіткен жері

мен шығырға түсетін жүктің салмағын 2-8 есеге азайтады. Сөйтіп, олардың жұмысын жеңілдетеді [2].

Тұрақты мұнаралар мен мачталар тек ғана жұмыс жасап тұрған кезде қолданылады да, ал қалған уақытта бос тұрады. Пайдалану ұңғыларының жалпы жұмыс жасау уақытының 2-3%-ын ғана жерасты жөндеу жұмыстары алады екен, яғни мачталар жылына 6-10 күн ғана қолданылады деген сөз.

Сондықтан да көтеріп-түсіру механизмдерін тиімді пайдалану үшін қозғалмалы мачталар немесе оларды бірге үстіне салып алып жүретін көтергіштер керек. Өзінің мачтасын алып жүретін көтергіштер ретінде ауыр жүк көліктері қолданылады. Олардың жүк көтергіштігі 16-дан 80 т-ға дейін болады.

## **1.2 Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстары**

Ұңғымаларды жерасты жөндеу кезінде келесі жұмыстар орындалады:

- тасымалдау – керекті жабдықтарды ұңғы сағасына жеткізу;
- дайындау – жабдықтарды ұңғы маңындағы алаңға орнатып, оны жұмысқа дайындау;
- түсіріп-көтеру – ұңғыдан сорапты жабдықтарды шығару және жаңа немесе жөндеуден өткен жабдықтарды түсіру;
- жерасты жөндеу – тереңдік сорапты немесе оның бөліктерін ауыстыру; тығыннан тазалау;
- қорытынды – жабдықтарды жинап, оларды тасымалдауға дайындау.

Жерасты жөндеу процесін келесі жұмыстар класына бөлуге болады:

- тасымалдау операциялары;
- дайындау операциялары;
- түсіріп-көтеру операциялары;
- парафиннен айыру операциялары;
- тығыннан тазалау;
- жылытасымалдағыш айдау;
- қышқылды айдау;
- арнайы сұйықтарды айдау;
- цемент құю;
- ұңғы оқпанын цементтеу;
- бұрғылау.

Ұңғыны күрделі жөндеуге, көбінесе, арнайы жабдықтарды қажет ететін жерасты жөндеудің ең қиын жұмыстары жатады. Ұңғыны күрделі жөндеу кезінде көп кездесетін жұмыстар: қабаттарды айыру жұмыстары, оқпанды түзету жұмыстары және ұңғының ішіне түскен заттарды ұстау жұмыстары.

Қабаттарды айыру жұмыстары ұңғыға құйылып келетін бұралқы суларды (пайдаланып отырған қабаттарда жоғарғы немесе төменгі қабаттардан келіп құйылатын сулардан) ажырату. Ұңғыға келіп құйылатын бұралқы суларды ұңғының сол аралығын цементтеу арқылы жояды.

Жоғарыдан келіп құйылатын сулардан қорғану үшін – ұңғының оқпаны мен шеген құбыр аралығын қысыммен цементтеу арқылы кетіреді. Табан

сулары құйылатын болса, оны жою үшін: кәдімгідей ұңғының түбінен жоғары қарай цементті айдап, жоғары қабаттың мұнай келетін жеріне дейін жеткізеді. Қабатты сұйықпен жарып, оған су өткізбейтін аушақ құрады.

Цементтеудің барлық түрі де кезінде қолданылатын, тампонаж цементін пайдаланады. Құрғақ цементке 40-50 % су қосады. Цементтеу алдында қажетті цемент ерітіндісі мен судың мөлшерін есептеп шығарады.

Ұңғыға құлап түскен құбырларды ұстап, оны шығару үшін әртүрлі ұстау аспаптары (ілмек, паук, колокол, құбыр ұстағыш, овершот, метчик және тағы сол сияқты) қолданылады.

Ұңғыдағы қалған құбырларды аспаппен ұстап алғаннан кейін, оны жоғары көтеру үшін көп күш салу керек. Сондықтан, ұстау жұмыстарында үзілуге шыдамды қалың бұрғылау құбырларын қолданады.

### **1.3 Ұңғыларды жерасты жөндеуге арналған агрегаттардың конструкциялары мен жұмысы**

Ұңғыларды жерасты жөндеу жұмыстары кезінде міндетті түрде түсіріп-көтеру операциялары жүргізіледі. Бұл операцияларға тұрақты немесе өзі жүретін агрегаттар қолданады.

Қазіргі заманда түсіріп-көтеру операцияларын орындау үшін жабдықтар комплексінің екі түрі қолданылады:

1) Тұрақты мұнара мен жылжымалы шығырдың бірге жұмыс істеуі. Мұнара құбыр мен штангаларды қалауға арналған төсенішпен жабдықталады, ал шығыр автокөлікке орнатылған.

2) Жылжымалы агрегат. Ол өткіштігі жоғары автокөлікке орнатылған мұнара мен шығырдан тұрады.

Агрегаттардың екі түрі де құбыр мен штанга бағанасын бұрайтын құралдармен жабдықталады. Күрделі жөндеуге арналған агрегаттар басқа жабдықтармен қосымша жабдықталады.

Ұңғыларды жерасты жөндеуге арналған көтергіштер көмегімен келесі жұмыстар орындалады:

Қазіргі таңда ТМД-да мұнай және газ саласына арнап шығарылған мынадай агрегаттар қолданылуда: «УПА-60/80» – жүк көтергіштігі – 800 кН; «А50У» – жүк көтергіштігі – 500 кН; «АЗИНмаш - 37А» – жүк көтергіштігі – 320 кН; «Бакинец-3М» – жүк көтергіштігі – 350 кН. Бірінші үш агрегаттың тасымалдық базасы – автокөлік, соңғысынікі – трактор.

Америка Құрама Штаттарының кен орындарында жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мындай агрегаттар қолданылады: “IRI International” американдық фирмасының «750 WORKOVER RIG» жөндеу агрегаты, “Cobam Franks” фирмасының “Explogen Rocket” қондырғысы және әртүрлі колтюбингтік жабдықтармен жұмыс істейтін агрегаттар.

Менің дипломдық жобамда осы көрсетілген агрегаттардың ішінде біздің елде ең көп қолданылып жүргені – УПА-60/80 қарастырылады. Бұл агрегат мұнай-газ ұңғыларын игеруге және жөндеуге арналған. Оның орындайтын



операциялары: сораптық-компрессорлық құбырды түсіру-көтеру, цементті тығындарды (диаметрі 141-168 мм) да түсіру-көтеру.

Агрегат КрАЗ-6510 сияқты автокөлікке орнатылады. Жетек ретінде автокөліктің қуаты 243 кВт қозғалтқышы қолданылады. Агрегатқа шығыр көмегімен көтерілетін екісекциялы телескопиялық мұнара орнатылған. Мұнара биіктігі 22,4 м. Жұмыстың жағдайында мұнара тік сызыққа 6° бұрышпен орнатылып, алты арқанмен керіледі.

Агрегаттың ерекшелігі - екібарабанды шығыр қолданылады, бұрғылау және таргальді. Бұл жерасты жөндеу жұмыстарының еңбек өнімділігін арттырады.

Агрегат жұмыс істегенде ұңғыда құбырлар мен штангілерді қалайтын арнайы көпір болуы керек.

Шығырды басқару - пневматикалық. Машинистің жұмыс орны ұңғы сағасына жақын орналасқан.

УПА-60/80 агрегатының негізгі кемшілігі – оның шектелген өткіштігі. Тежегіштің суыту жүйесі тұйық, айналмалы, сумен жұмыс істейді.

Агрегаттың барлық механизмдерін басқару жылытуы мен желдетуі бар арнайы кабинадан жүргізіледі. Сонымен бірге агрегат сораптық-компрессорлық және бұрғылау құбырларымен жұмыс істеуге арналған жабдықтар комплексімен қамтамасыздандырылған.



1.1 Сурет -УПА-60/80 агрегатының жалпы көрінісі

Агрегаттың артқы жағында, шығыр алдында екі домкрат орналасқан. Жұмыс алдында көтергішті осы домкраттарға отырғызады.

Керекті жабдықтар комплексін толығымен өзімен бірге таситын көтергіштер тиімдірек болып саналады, яғни мұнараны, шығырды және түсіріп-

көтеруге арналған құрал-жабдықтарды таситын.

Қазіргі кезде көптеген мұнай шығарушы аудандарда метал сыйымдылығы жоғары және қолдану коэффициенті төмен, яғни 1-2 % болғандықтан, тұрақты мұнараларды қолданбайды. Сондықтан өзімен бірге мұнараны таситын көтергіштерді қолданады. Мұндай агрегаттардың тасымалдау базасы ретінде өткіштігі жоғары автокөліктермен жабдықталады. Бір ұңғыдан екінші ұңғыға көшкен кезде агрегаттың телескопиялық мұнарасы жиналып горизонтальді қалыпқа келтіріледі, ал құралдар агрегатқа бекітіледі.

Агрегатты басқару гидравликамен жабдықталған, яғни оның жұмыс істеу жылдамдығы жоғарырақ.

УПА-60/80 агрегатының жоғары өткіштігі мен жүру жылдамдығы, құру мен жинаудың тездігі үлкен аумақты жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізгенде өте тиімді. Мысалы, шындалған штангілер үзілгенде, тереңдік сораптың клапандарын ауыстырғанда. Сондықтан осы дипломдық жобаның базалық негізі ретінде УПА-60/80 агрегаты таңдалып алынды.

Мұнара алдыңғы шеттері ашық және биіктігі 22,5 м болатын телескопиялық түрде болады. Тәлді жүйенің жабдықталуы 3x4. Мұнараның жоғарғы секцияның және крюкоблоктың көтерілуін шектейтін шектеулері бар. Тәлді жүйеде екі роликті тәл блогынан және амортизациялы серіппесі бар үш мүйізді ілмектен тұратын кронблок пен 2КРБ2x28 крюкоблогы болады. Мұнараны көтеру пультпен басқарылады. Автокөлік қозғалтқышының қуаты біліктің айналу жиілігі 2100 мин<sup>-1</sup> болғанда 176 кВт болады.

1 Кесте –УПА-60/80 агрегатының техникалық сипаттамасы

Монтаждық-көлік базасы	КрАЗ-651016, КрАЗ-65053-02 немесе КрАЗ-63221 автомобильдерінің шассиі
Ілмектегі рұқсат етілген жүктеме, кН (тс)	600(60)
Ең қысқа мерзімді УПА-60/80 үшін, кН	800
Мұнара	төменгі секциядағы қалқаны бар көлбеу телескопиялық
Мұнараның жерден кронблок осіне дейінгі биіктігі, м	22,0±0,4
Тәл жүйесінің жабдықталуы	3x4
Арқан диаметрі, мм	25
Механизмдер жетегі	ЯМЗ-238ДЕ2 күштік қозғалтқышы
Максималды жетектің қуаты, кВт	132,4
Шығыр	шынжырлы жетекті, екі ленталы тежегіші және барабанды қосудың пневматикалық муфталары бар бірабанды
Көтергіш қондырғының габариттік өлшемдері көліктік жағдайда, мм	14000x2900x4300
Көтергіш қондырғының көліктік жағдайдағы салмағы, кг, артық емес:	24000 /26200



1.2 Сурет -УПА-60/80 агрегатының монтаждalған көрінісі

Агрегатты ұңғыға орнатқаннан кейін мұнара гидроцилиндр көмегімен жұмысты қалыпқа тұрғызады. Құбырлар мен штангілер тізбегін көтеру ең төмен жылдамдықпен бастайды. Жылдамдықты өзгертуге автокөліктің берілісті ауыстыру қорабы қолданылады. Шығыр барабанын тежеу барабанның оң жағында (автокөліктің жүру бағыты бойынша) орналасқан ленталы тежегіш көмегімен жүргізілді. Муфталармен тежегішті басқару гидравликалық. Агрегаттың гидравликалық жетегі: сораптармен гидрожетек редукторынан, май багінен, мұнараны көтеретін цилиндрінен, агрегат бөліктерін гидравликалық басқарудан, құбырмен штанга кілттерін қозғалысқа келтіретін гидромоторлардан, басқару және бақылаумен үйлестіруші аппаратуралардан тұрады [3].

#### **1.4 УПА-60/80 агрегатының гидравликалық жүйесі**

Гидрожүйе май багінен, гидромотор жетегінен, басқару мен ретке келтіру крандарынан, бақылау мен өлшеуіш аспаптарынан және гидродомкраттан тұрады.

Гидрожүйенің қызметі: мұнараны тасымалдық қалпынан жұмыстық қалпына келтіру және құбыр мен штангі кілттерінің жетегі болу.

Май бактан сору құбыр желісі мен тығынды кран арқылы гидромоторға келеді, ал одан май айдау желісі арқылы манометрден өтіп тройникке, содан соң вентиль арқылы гидродомкратқа барады.

Кран тұтқасының үш қалпы бар: бейтарап, түсіру және көтеру.

"Көтеру" қалпында май гидродомкратқа түседі де, мұнараны көтеру процесі жүреді.

"Бейтарап" қалпында май айдау желісінен золотник пен ағызу желісі арқылы май багіне қайта оралады.

"Түсіру" қалпында май домкраттан ағызу желісіне түседі де, мұнара түсіріледі. Мұнараны түсіру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында гидродомкратта түсу жылдамдығын реттейтін қорғаушы құрылғы қарастырылған.

Гидродомкрат мұнараны көтеріп-түсіру үшін қызмет етеді және үш цилиндрден тұрады. Цилиндрді тығыздау резеңке манжеталармен іске асырылады.

Май багы – майды сақтауға арналған ыдыс. Ол май буларын шығаратын сапун мен май деңгейін өлшейтін қаламшамен жабдықталған.

Гидрожүйенің айдау желісінде кері клапан, қорғаушы клапан, манометр және екі жоғары қысымды вентиль орнатылған.

Қорғаушы клапан гидрожүйедегі қысым шектен асып кеткен жағдайда сұйықта желіден лақтырып жібереді. Сору желісінде май багінен шығар жерді жауып тұратын тығынды кран орнатылған.

Гидромоторға айналдырушы иін күші шығырдың жылдамдықтар қорабынан шығарылған шкивтен тісті белдікті берілістің көмегімен жеткізіледі.

## 2 Кесте – УПА-60/80 агрегатның гидрожүйесі


Гидросораптардың максималды өнімділігі (жалпылама), м <sup>3</sup> /с (л/мин)	0,38 (380)
Гидроажыратқыштар желісінің максималды қысымы, МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	15 (150)
Беріліс желісіндегі максималды қысым (гидрокілт), МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	20 (200)
Аутригерлер және гидродомкраттар жетегінің максималды қысымы, МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	15 (150)
Құрастырылуы:	Гидравликалық аутригерлер, мұнараны көтеру және жылжыту гидроцилиндрлерінің жетегі үшін
Сорап түрі	Тістегерішті НШ-50
Номиналды қысым, МПа (кгс/см <sup>2</sup> )	15,7 (160)
Гидробактың көлемі, л	600

Қондырғы құрамына кіретін құраушы бөліктер: автокөлік көтергіш, мұнара, тәлді жүйе, гидравликалық жүйе, құралдар үстелі, қосалқы бөлшектер, автокөлікпен бірге болатын құралдар мен басқа да жабдықтар.

Агрегаттың гидрожүйесінде монтаждық және жұмыс желісі бар. Гидрожүйенің монтаждық желісі соғы редукторында орналасқан тістегеррішті сорғысынан қоректенеді, жұмыс желісі сорғы редукторында орналасқан екі сорғыға жалғанады. Сол жақта, алдыңғы бөлігінде агрегат рамасының астында аутригерлерді, дінгекті көтерудің домкраттарын және дінгектің жоғарғы секциясын жылжытудың гидрожетекті шығыры бар бес золотникті плита орналасқан.

Жұмыс сұйықтықтары энергияны сорғыдан құбыр арқылы гидравликалық қозғалтқыштарға береді, үйкеліс беттерін майлауды, бөлшектерді коррозиядан, жылудан қорғауды және үйкеліс аймақтарынан тозу өнімдерін жоюды қамтамасыз етеді.

Көлік базасындағы агрегаттардың гидрожетектерінде жұмысшы сұйықтықтар ретінде олардың пайдалану қасиеттерін жақсартушы қоспаларымен минералды майлар қолданылады. Майлардың көп тараған түрлері: ВМГЗ, МГ-30, М-8В2 және М - 10В2.



1 - гидроблок; 2 - дроссель; 3 - телескопиялық гидроцилиндр; 4 - гидромотор;  
5,7,9,13,14 - гидротаратқыш (гидрораспределитель); 6 - манометр; 8 - кері клапан; 10 -  
сақтандырғыш клапан; 11,12 - сорап; 15 – гидроцилиндр

### 1.3 Сурет – УПА-60/80 агрегаты гидрожүйесінің сұлбасы

Жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі заманғы гидрожетектердегі жұмыс

сұйықтығы  $-60$ -тан  $+100^{\circ}\text{C}$  дейінгі температуралардың кең диапазонында,  $32$  МПа дейінгі қысымды гидрожүйесінде пайдаланылады. Сұйық полимерлермен, түрлі-түсті металдармен жанасады, онда тозуға байланысты қорғаныш тотықты пленкалар жоқ, оған ұзақ діріл әсер етеді, гидрожүйеге ылғал мен абразивті бөлшектер қоршаған ортадан түседі. Мұның бәрі өте қолайсыз пайдалану жағдайларын жасайды және жұмыс сұйықтығының қызмет ету мерзімін қысқартады.

Сұйықтықтың қызмет ету мерзімі, ең алдымен, майдың оттегімен тотығуы нәтижесінде болатын химиялық ыдырау қарқындылығына байланысты. Әрбір  $8-10^{\circ}\text{C}$  температураның  $40^{\circ}\text{C}$  жоғары көтерілуі майдың тотығу қарқындылығын екі есе арттырады. Гидрожүйеде механикалық қоспалардың (ластанулардың) болуы майдың тотығуының артуына ықпал етеді.

Бір жұмыс циклы жұмысшы сұйықтығына жүктеу сипаты бойынша түрлі әсер етеді. Сұйықтыққа сору гидрожүйесінде сиретілу әсер еткендіктен, онда ерімеген ауаның бөлінуі және кавитациялық құбылыстардың пайда болуы байқалады. Сұйықтықтың жоғары жылдамдықпен арналар және бағыттаушы және реттеуші гидроаппаратуралардың саңылаулары және басқа, жергілікті кедергі арқасында бірнеше рет деформациясы болады [4].

Ылғал гидрожүйеге атмосферадан сапун арқылы, штоктардың нығыздағыш манжеталарынан, құбырлардың герметикалық емес қосылыстарынан, сондай-ақ сұйықтық жабдығының ішкі қабырғаларында штоктарда мұз қату және конденсация есебінен төмен температура кезінде түсіреді. Жұмыс сұйықтығындағы ылғал тұрақты ауа-май эмульсиясының пайда болуына әкеледі, нәтижесінде майлардың майлау қасиеттері нашарлайды, олардың қарқынды тотығуы жүреді, үйкелуі, металдардың коррозиясы және гидрокұрылдықтағы кавитациялық құбылыстар артады. Ылғалдың әсерінен жұмыс сұйықтығының лайлануы болады.

Гидрожабдықтағы үйкеліс гидравликалық жетектің тиімділігіне елеулі әсер етеді. Температура  $-40^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеген кезде манжетті нығыздағыштардың үйкеліс күші  $1,7-1,8$  есе, дөңгелек көлденең қималы сақиналар  $1,4-1,6$  есе, ал шойын сақиналар  $1,1$  есе артады. Температура жоғарылаған кезде үйкеліс күші де артады.


Гидрожетектердің сенімділігін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырып өтеміз.

Гидрожетектің құрылымдық сұлбасын оңайлату – жүйе элементтерінің санын және олардың арасындағы байланыстарды қысқарту болып табылады. Жоғары сенімділік деңгейі пайдалану сынақтарының нәтижелерімен расталған жаңа жоғары сенімді элементтерді пайдалану. Осыған ұқсас гидрожетектердің істен шығуын статистикалық талдау нәтижесінде анықталған типтік "әлсіз буынға" аса назар аудару керек.

Гидрожетектердің істен шығуларын талдау көрсеткендей, ең "әлсіз буындардың" бірі жылжымалы қосылыстардың тығыздалуы, ал істен шығуға әкелетін физикалық процесс – резеңке бөлшектердің жылулық қартаюы, сондықтан тозуға төзімділігі жоғары тығыздағыштарды таңдау гидравликалық

құрылғыларды құрастыру кезінде маңызды міндет болып табылады. Тығыздаудың сенімділігін жоғарылатудың ең тиімді жолдарының бірі нығыздағыш сақиналардың сақина аралық кеңістігін кәріздеу арқылы резервтеу болып табылады.

Көптеген гидрожетектердің ең көп таралған элементі болып табылатын золотникті құрылғылардың істен шығуы негізінен жұмыс сұйықтығының ластануынан туындады, олар жоғары үйкеліс күштеріне әкеледі. Қатты бөлшектермен ластанудың жоғары дәрежесі сүзудің нашар салдары болып табылады.



1 – ішкі гидроцилиндр немесе гильза; 2 – резьбалы штуцер; 3 – гидравликалық тыныштандырғыш; 4, 13, 15 – резиналық манжеталар; 5, 11 – кір тазалағыш резиналар; 6 – болт; 7 – шайба; 8, 16, 18, 19 – сақиналар; 9, 20 – сырғанау мойынтірегі; 10 – серьга; 12 – ішкі цилиндр; 14 – шток; 17 – домкрат тірегі; 21 – гайка; 22 – шпилька

#### 1.4 Сурет – Мұнараны көтеру гидроцилиндрі

Мобильді машиналардың гидрожетектеріндегі жұмысшы сұйықтығын сыртқы кемуін төмендетуге тығыздаудың дұрыс таңдауымен қол жеткізіледі.

Жоғарыда айтылып кеткен мәселелердің барлығы осы дипломдық жобада қарастырылып отырған УПА-60/80 агретаның гидрожүйесіне өзгертулер енгізу керектігін көрсетті [5].

### **Бөлім бойынша қорытынды:**

Мұнай және газ кәсіпшіліктерінде ұңғыны күнделікті жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданатын агрегаттардың сан түрі өте көп. Бірақ осы дипломдық жобада біздің елде кеңінен қолданылып жүрген, Ресейде шығарылатын УПА-60/80 агрегаты таңдалынып алынды.

Талдау жасай келе, маған берілген агрегаттың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, осы агрегаттың гидрожүйесіне өзгертулер енгізу керектігін түсіндім.

Кез-келген машинаның гидрожүйесінде ақаулар кездесуі мүмкін, бірақ ұңғыманы күрделі жөндеу кезіндегі машиналарымыз бен жабдықтарымыздың аса дәлдікпен және қауіпсіз жұмыс жасау керектігін ескере отырып, оның гидрожүйесіндегі әртүрлі үлкен мәселерді тудыруы мүмкін. Себебі, жұмысшы сұйықтық мұнараны көтеріп түсіруге, аутригерлердің жұмысына және құбыр мен штангі кілттерінің жетегі болып қызмет етеді.



## 2 Есептеу бөлімі

### 2.1 Гидроцилиндр қабырғасының қалыңдығын беріктікке есептеу

Гидроцилиндр қабырғасының қалыңдығын  $S$  беріктікке есептеу кезінде мына формуланы қолдануға болады [11]:

$$S = \frac{D}{2} \cdot \left[ \sqrt{\frac{\sigma + P_{\max} \cdot (1 - 2\mu)}{\sigma - P_{\max} \cdot (1 + 2\mu)}} - 1 \right]; \quad (2.1)$$

мұнда:  $D$  – цилиндрдің ішкі диаметрі, м;

$\sigma$  – материал үшін үзілуге рұқсат етілетін кернеу, кг/см<sup>2</sup>;

$P_{\max}$  – жүктеу соңындағы қысым, кг/см<sup>2</sup>;

$\mu$  – Пуассона коэффициенті.

45Л болаттан жасалынған материал үшін үзілуге рұқсат етілген кернеуді есептеу үшін 475 кгс/см<sup>2</sup> тең деп аламыз

$$S = \frac{0,078}{2} \cdot \left[ \sqrt{\frac{475 + 350 \cdot (1 - 2 \cdot 0,33)}{475 - 350 \cdot (1 + 2 \cdot 0,33)}} - 1 \right] = 0,61 \text{ см.}$$

Гидроцилиндр корпусы қабырғасының қалыңдығы 0,61 см-ден кем болмауы тиіс.

### 2.2 Құбырөткізгіштің қабырға қалыңдығын беріктікке есептеу

Құбырөткізгіш қабырғасын беріктікке есептеу кезінде мына шарт орындалуы керек:

$$\frac{P - 2}{1 - K^2} \leq \frac{[\sigma]}{n}, \quad (2.2)$$

мұнда  $K = \frac{r_1}{r_2}$ ;

$r_1$  және  $r_2$  – құбырдың ішкі және сыртқы диаметрі;

$[\sigma]$  – үзілу кезіндегі рұқсат етілген кернеу;

$n$  – беріктік қор коэффициенті.

(2.2) формуласынан мынаны аламыз:

$$K = \sqrt{1 - \frac{2 \cdot P \cdot n}{[\sigma]}}, \quad (2.3)$$

Біздің жағдайда:

$P = 35$  МПа,  $n = 3$ ,  $[\sigma] = 296$  МПа.

$$K = \sqrt{1 - \frac{2 \cdot 35 \cdot 3}{296}} = 0,54.$$

(2.3) формуладан сыртқы радиусың  $r_2$  ең аз шамасын аламыз

$$r_2 = \frac{r_1}{K},$$

$$r_2 = 15 \cdot 10^{-3} \text{ м.}$$

Бұл жерден қабырға қалыңдығы мына формуламен анықталады:


$$\sigma = r_2 - r_1 = 15 \cdot 10^{-3} - 8 \cdot 10^{-3} = 7 \cdot 10^{-3} \text{ м.}$$

Алдағы есептеулер үшін құбырөткізгіштің сыртқы диаметрін 30 мм және қабырға қалыңдығын 7 мм деп қабылдаймыз.

$$\sigma_p = 36,8 \cdot 10^6 \leq 112,5 \cdot 10^6.$$

### 2.3 Гидравликалық есептеулер

Гидравликалық есептеудің мақсаты - гидрожетектің негізгі параметрлері мен сипаттамаларын нақтылау және таңдалған гидрожабдық параметрлерінің машинаның қалыпты жұмыс істеуі үшін талап етілетін сәйкестігін тексеру болып табылады [11].



2.1 сурет - Шығарылатын тіректер механизмі гидрожетегінің есептік схемасы

Салыстырмалы тексеру есебіне арналған бастапқы деректер:

- 1) Гидросораптірк/н. сол жақты айн.310.3.56.04.066:
  - $q_n = 56 \text{ см}^3/\text{айн}$  - рабочий объем гидромотора;
  - $n_n = 2500 \text{ айн/мин}$  – сорап білігінің айналу жиілігі;
  - $P_n = 20 \text{ МПа}$  – сорап шығысындағы қысым;

- $\eta_{он}=0,95$  – сораптың беріліс коэффициенті (сораптың көлемдік пәк-і).
- 2) Гидрожүйеде ВМГЗ гидравликалық майы қолданылады:
- $V=14 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2/\text{с}$ – жұмысшы сұйықтық кинематикалық тұтқырлығы;
- $\rho = 830 \text{ кг}/\text{м}^3$ – жұмысшы сұйықтың тығыздығы;
- №1 қатты құбырөткізгіш  $d=0,014 \text{ м}$   $L=4,9 \text{ м}$ ;
- №2 қатты құбырөткізгіш  $d=0,05 \text{ м}$   $L=5,4 \text{ м}$ ;
- №3 қатты құбырөткізгіш  $d=0,008 \text{ м}$   $L=2,4 \text{ м}$ ;
- №4 қатты құбырөткізгіш  $d=0,008 \text{ м}$   $L=2,4 \text{ м}$ .

Гидрожүйенің сипатты нүктелерінде жұмыс сұйықтығының шығынын анықтау гидрожүйедегі қысымның шығынын есептеу үшін қажет. Шығындар мәні сораптың шығуында (сорапты беру), гидроқозғалтқыштардың шығуында және ағындарды бөлу немесе біріктіру орындарында анықталуы тиіс.

Гидротаратқыш золотнигі бейтарап орналасқан

Сорғының жұмыс сұйықтығын берудің номиналды мәні мынадай формула бойынша анықталады :

$$Q_H = Q_{ном} = q_H n_H \eta_{он} = \frac{56 \cdot 10^{-6} \cdot 2500 \cdot 0,95}{60} = 2,22 \cdot 10^{-3} \text{ м}^3/\text{с}, \quad (2.4)$$

мұнда  $q_H$ - жұмысшы көлем,  $\text{см}^3$ ;

$n_H$ - сораптың айналу жиілігі, айн/мин;

$\eta_{он}$ - сораптың беріліс коэффициенті (көлемдік пәк).

Гидроцилиндр шығысындағы шығынды анықтау кезінде оны қосу схемасын ескеру керек:

поршеньдік жұмыс қуысы:

$$Q_{ағ} = \frac{Q_H}{\varphi} \quad (2.5)$$

шток жұмыс қуысы бар:

$$Q_{ағ} = Q_{сл} \cdot \varphi. \quad (2.6)$$

мұнда,  $\varphi$  – гидроцилиндр поршенінің және шток қуысы аудандарының арақатынасы.

Гидравликалық шығындар әрбір есептік жағдай үшін анықталады және құбырлардағы, жергілікті кедергілердегі және гидрожетек элементтеріндегі қысымның шығынынан жинақталады.

Гидрожетекте жиынтық гидравликалық жоғалтуды  $\Delta P_{жет}$ , тағы да арындық  $\Delta P_a$  және ағызу  $\Delta P_{ағ}$  гидрожелісіндегі гидравликалық жоғалтуларын ажыратады.

Құбырдағы қысымның жоғалуы тұтқыр үйкеліс кедергісімен байланысты және олардың шамасы сұйықтықтың ағу режиміне тәуелді, олар Рейнольдс санымен анықталады:

$$R_e = \frac{v \cdot d}{\nu}, \quad (2.7)$$

мұнда  $v$  – сұйық ағысының орташа жылдамдығы, м/с;

$\nu$  – кинематикалық тұтқырлық,  $\text{м}^2/\text{с}$ ;

$d$  – қарастырылып отырған құбырдың ішкі диаметрі, м.

Сұйықтық ағынының орташа жылдамдығын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2}. \quad (2.8)$$

Сұйықтықтың қозғалысы кезінде құбырдағы қысымның жоғалуы мынадай формула бойынша анықталады:

$$\Delta P_{\text{құб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2}, \quad (2.9)$$

мұнда  $\lambda$  – құбыр ұзындығы бойынша шығын коэффициенті;

$\rho$  – жұмысшы сұйық тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$L$  – қарастырылып отырған құбыр ұзындығы, м.

Сұйықтықтың турбуленттік ағысы кезінде құбырдың ұзындығы бойынша шығын коэффициентін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$\lambda = \frac{0,316}{R_e^{0,25}}. \quad (2.10)$$

№1 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,014^2} = 14,4 \text{ м/с.}$$

$$R_e = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{14,4 \cdot 0,014}{14 \cdot 10^{-6}} = 14400.$$

$$\lambda = \frac{0,316}{R_e^{0,25}} = \frac{0,316}{14400^{0,25}} = 0,029.$$

$$\Delta P_{\text{құб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,029 \cdot \frac{4,9}{0,014} \cdot \frac{14,4^2 \cdot 830}{2} = 873 \text{ кПа.}$$

№2 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,05^2} = 1,13 \text{ м/с.}$$

$$R_e = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{1,13 \cdot 0,05}{14 \cdot 10^{-6}} = 4035.$$

$$\lambda = \frac{0,316}{R_e^{0,25}} = \frac{0,316}{4035^{0,25}} = 0,04.$$

$$\Delta P_{\text{құб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,04 \cdot \frac{5,4}{0,05} \cdot \frac{1,13^2 \cdot 830}{2} = 2,3 \text{ кПа.}$$

Гидротаратқыш, гидроқұлып, сүзгі күрделі гидравликалық кедергі болып табылады және аналитикалық есептеуге жатпайды. Гидрожетектің көрсетілген элементтеріндегі қысымның жоғалуы техникалық сипаттамаларда келтіріледі

немесе оларды гидравликалық сипаттамалар бойынша жұмыс сұйықтығының ағу (шығыс) жылдамдығының есептік мәндері және тұтқырлығы мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} \quad (2.11)$$

Гидротаратқыштағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,012^2} = 19,6 \text{ м/с.}$$

Таратқыш үшін коэффициент  $\xi_3=4$ :

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 4 \cdot \frac{19,6^2 \cdot 830}{2} = 638 \text{ кПа.}$$

Сүзгідегі қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,05^2} = 1,13 \text{ м/с.}$$

Сүзгі үшін коэффициент  $\xi_3=2,5$

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 2,5 \cdot \frac{1,13^2 \cdot 830}{2} = 1,3 \text{ кПа.}$$

Штуцердегі қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,014^2} = 14,4 \text{ м/с.}$$

Штуцер үшін  $\xi_3=0,12$

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,12 \cdot \frac{14,4^2 \cdot 830}{2} = 10,3 \text{ кПа.}$$

Мұнда,  $\xi_3$ —гидроэлементтің жергілікті кедергі коэффициенті.

Гидрожетектегі жиынтық гидравликалық шығындары әрбір есептік жағдай үшін анықталады және құбыржолдары мен гидрожетек элементтеріндегі қысымның шығынынан жинақталады:

$$\Delta P_{\text{пр}} = \sum \Delta P_{\text{құб}} + \sum \Delta P_3. \quad (2.12)$$

$$\Delta P_{\text{пр}} = \sum \Delta P_{\text{құб}} + \sum \Delta P_3 = 873 + 638 + 2,3 + 1,3 + 10,3 \cdot 4 = 1,5 \text{ Мпа.}$$

Тірек цилиндрі штогының шығуы (таратқыш золотнигінің орналасуы I) (2.4) формула бойынша сорғының жұмыс сұйықтығын берудің номиналды мәні:

$$Q_H = Q_{\text{ном}} = \frac{56 \cdot 10^{-6} \cdot 2500 \cdot 0,95}{60} = 2,22 \cdot 10^{-3} \text{ м}^3/\text{с.}$$

3 Кесте - Гидротаратқыш золотнигі бейтарап орналасқан кездегі қысым шығындары

Атауы	$Q_H, \text{м}^3/\text{с}$	$V, \text{м}/\text{с}$	$d_y, \text{м}$	$Re$	$\lambda$	$\xi$	$\rho, \text{кг}/\text{м}^3$	$V, \text{м}^2/\text{с}$	$\Delta P, \text{кПа}$
Таратқыш	$2,22 \cdot 10^{-3}$	19,6	0,012	-	-	4	830	-	638
Фильтр	$2,22 \cdot 10^{-3}$	1,13	0,050	-	-	2,5	830	-	1,3
Штуцер	$2,22 \cdot 10^{-3}$	14,4	0,014	-	-	0,12	830	-	10,3
№1 қатты құбыр	$2,22 \cdot 10^{-3}$	14,4	0,014	14400	0,029	-	830	$14 \cdot 10^{-6}$	873
№2 қатты құбыр	$2,22 \cdot 10^{-3}$	1,13	0,05	4035	0,04		830	$14 \cdot 10^{-6}$	2,3
Жалпы гидравликалық шығын: $\Delta P_{\text{пр}} = 1,5 \text{ МПа}$									

(2.10) формула бойынша қатты құбырдағы сұйықтың жүрісі кезіндегі қысым шығыны есептейміз

№1 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,014^2} = 14,4 \text{ м}/\text{с},$$

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{14,4 \cdot 0,014}{14 \cdot 10^{-6}} = 14400,$$

$$\lambda = \frac{0,316}{Re^{0,25}} = \frac{0,316}{14400^{0,25}} = 0,029,$$

$$\Delta P_{\text{құб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,029 \cdot \frac{4,9}{0,014} \cdot \frac{14,4^2 \cdot 830}{2} = 873 \text{ кПа}.$$

№3 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,008^2} = 44,2 \text{ м}/\text{с},$$

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{44,2 \cdot 0,008}{14 \cdot 10^{-6}} = 25257,$$

$$\lambda = \frac{0,316}{Re^{0,25}} = \frac{0,316}{25257^{0,25}} = 0,02,$$

$$\Delta P_{\text{тр}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,02 \cdot \frac{2,4}{0,008} \cdot \frac{44,2^2 \cdot 830}{2} = 4865 \text{ кПа}.$$

(2.11) формула бойынша гидрожетек элементтеріндегі қысым шығынын анықтаймыз:

Таратқыштағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,012^2} = 19,6 \text{ м}/\text{с},$$

таратқыш үшін коэффициент  $\xi_3=4$ :

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 4 \cdot \frac{19,6^2 \cdot 830}{2} = 638 \text{кПа.}$$

Гидроқұлыптағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,012^2} = 19,6 \text{м/с,}$$

гидроқұлып үшін коэффициент  $\xi_3=3$

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 3 \cdot \frac{19,6^2 \cdot 830}{2} = 478 \text{кПа.}$$

Штуцендегі қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 2,22 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,014^2} = 14,4 \text{м/с,}$$

штуцер үшін  $\xi_3=0,12$ :

$$\Delta P_3 = \xi_3 \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,12 \cdot \frac{14,4^2 \cdot 830}{2} = 10,3 \text{кПа.}$$

(2.12) формула бойынша гидрожетектегі жалпы гидравликалық шығындарды есептейміз

$$\Delta P_{\text{пр}} = \sum \Delta P_{\text{құб}} + \sum \Delta P_3 = 873 + 638 + 4865 + 478 + 10,3 \cdot 4 = 6,9 \text{ МПа.}$$

Ағызу гидрожелісіндегі қысым шығынын есептеу

(2.5) формула бойынша гидроцилиндр шығысындағы жұмысшы сұйық шығынын есептейміз

$$Q_{\text{ағ}} = \frac{Q_H}{\varphi} = \frac{2,22 \cdot 10^{-3}}{1,25} = 1,8 \cdot 10^{-3} \text{м}^3/\text{с,}$$

$$\varphi = \frac{F_{\text{п}}}{F_{\text{ш}}} = \frac{125}{100} = 1,25,$$

(2.10) формула бойынша қатты құбырдағы сұйықтың жүрісі кезіндегі қысым шығыны есептейміз

№4 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 1,8 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,008^2} = 35,8 \text{м/с,}$$

$$R_e = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{35,8 \cdot 0,008}{14 \cdot 10^{-6}} = 20457,$$

$$\lambda = \frac{0,316}{R_e^{0,25}} = \frac{0,316}{20457^{0,25}} = 0,026,$$

$$\Delta P_{\text{күб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,026 \cdot \frac{2,4}{0,008} \cdot \frac{35,8^2 \cdot 830}{2} = 4149 \text{ кПа.}$$

№2 қатты құбырдағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 1,8 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,05^2} = 0,9 \text{ м/с,}$$

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{0,9 \cdot 0,05}{14 \cdot 10^{-6}} = 3214,$$

$$\lambda = \frac{0,316}{Re^{0,25}} = \frac{0,316}{3214^{0,25}} = 0,042,$$

$$\Delta P_{\text{күб}} = \lambda \cdot \frac{L}{d} \cdot \frac{v^2 \cdot \rho}{2} = 0,042 \cdot \frac{5,4}{0,05} \cdot \frac{0,9^2 \cdot 830}{2} = 1,5 \text{ кПа.}$$

(2.11) формула бойынша гидрожетек элементтеріндегі қысым шығынын анықтаймыз:

Таратқыштағы қысым шығыны:

$$v = \frac{4 \cdot Q_H}{\pi \cdot d^2} = \frac{4 \cdot 1,8 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 0,012^2} = 15,9 \text{ м/с,}$$

